

АЛҒАШҚЫ СОТ ТӨРАЙЫМЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ КІМ?

2



ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖҰПТАР БАЙҚАУЫ ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТТІ

4

№16 (756). 24 сәуір, 2026 жыл

Өзгеі сынағанша, өзінді түзет!



ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



Төре ҚҰРБАН, теңізші, кәсіпкер:

«КАПИТАН КЕМЕНІ ҒАНА ЕМЕС, ТЕҢІЗДІ ДЕ СЕЗІНЕ БІЛУІ ТИІС»

МАҚСАТ – ТЕҢІЗ САЛАСЫН ДАМУ

– Төре Сапарханұлы, неге теңізші болуды таңдадыңыз? Не дегенмен екіншісі біреуі бара бермеген мамандық қой...

– «Инженер – кеме жүргізуші» мамандығы Қазақстанда біз оқуға түскен жылы ашылды. Ең алғашқы түлектері біз боламыз. Ауылда өскен баламыз ғой, кеме жүргізуші дегеннің кім екенін басында өзіміз де түсінбедік. Оқуға түскен соң үш жыл Алматыда, қалған екі жылын Ақтауда оқыдық. Ақтауға барғаннан кейін теңізді, кемені көріп, өз мамандығымыздың қыр-сырын тереңірек ұғына бастадық.

2005 жылы оқу бітірген соң еліміздегі шетелдік компанияда жұмыс істедім. Бірақ теңіз саласы халықаралық дәрежедегі конвенция бойынша жұмыс істейтіндіктен бізге халықаралық дәрежедегі құжаттар алу керек болды да, Ресей мемлекетінде үстем білім алуға тура келді. Ол жақта бір жыл оқып келген соң, ары қарай жұмысқа белсене кірісіп кеттік.

Теңіз саласында матростан капитанға дейінгі өзіндік өсу баспалдақтары бар. Ресейде білім алу бізге сол өсу мүмкіндігін берді. Елдегі оқу орнын бітірген кезде матрос болып бастасам, жеті жылдың ішінде барлық сатыдан өтіп, 2012 жылы кеме капитаны атандым. Бір жылдан соң порт капитаны қызметіне көтеріліп, онда бес жыл көлемінде еңбек еттім. Бұл қызметтің жауапкершілігі өте жоғары, бұған

Қазақ жастарының арасында сирек таңдалатын, бірақ мүмкіндігі мол мамандықтардың бірі – теңізші. Теңізде шыңдалған тәртіп, жауапкершілік пен батылдық кез келген адамның бойынан табыла бермейді. Осы саланың қыр-сырын меңгеріп, матростан кеме капитанына дейінгі жолды жүріп өткен, қазіргі таңда кәсіпкер ретінде де ел дамуына үлес қосып жүрген жандардың бірі – Төре Құрбан. Ол – Түркістан облысы Төлеби ауданы Аққұм ауылының тумасы. Бүгінде «Су көлігі саласының үздігі». Аталған төсбелгіні 2015 жылы ҚР Инвестициялар мен даму министрлігі табыстаған.

Біз теңізшімен теңіз саласындағы тәжірибесі мен кәсіпкерлік жолы туралы кеңінен әңгімелескен едік.



ТЕЛЕФОН АЛАЯҚТЫҒЫНА ҚАРСЫ ЖИ ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР

«Қазақтелеком» АҚ телефон алаяқтығына қарсы күрес аясында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізіп жатыр. Бұл туралы компания басқарма төрағасы Бағдат Мусин «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің отырысында мәлім етті, деп жазады inform.kz.

Оның айтуынша, алаяқтық қоңырауларға қарсы арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілген. Ол күменді қоңырауларды анықтап, тиісті колл-орталықтарға бағыттайды. Бұл орталықтар Бас прокуратурамен бірлесіп құрылған.

– Біз мұндай қоңырауларды анықтап, арнайы колл-орталықтарға жібереміз. Қазіргі таңда осындай қоңыраулардың шамамен 6%-ын тоқтатып отырмыз. Ал 100% қамту үшін қуатымызды шамамен 20 есеге арттыру қажет. Сондықтан операторлар санын геометриялық прогрессиямен көбейтпей, мәселені тиімді шешу үшін ЖИ модельдерін әзірлеудеміз. Болашақта олар қоңырауларды автоматты түрде өңдеп, азаматтарды алаяқтардан қорғауды қамтамасыз етеді, – деді Бағдат Мусин. Ол телефон алаяқтығына қарсы күрес тұрақты жұмысты талап ететінін атап өтті. Себебі қаскөйлер қорғаныс технологияларына тез бейімделеді.

Сонымен қатар бұл бағыттағы жұмыс Бас прокуратура және Ұлттық банк жанындағы Антифрод-орталықпен үйлестіріліп жүргізіліп жатыр. Президент тапсырмасы аясында ведомстваралық өзара іс-қимыл жолға қойылған.

– Біз тек ұсыныстар әзірлеп қана қоймай, нақты шараларды жүзеге асырып жатырмыз. Атап айтқанда, телекоммуникация желілерінде азаматтарды алаяқтық қоңыраулардан қорғайтын арнайы бағдарламаларды енгізудеміз, – деп толықтырды Бағдат Мусин.


(Жалғасы 3-бетте) ▶

«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ТАБЫЛҒАН ҚҰПИЯЛАР

2



ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

5

АЛҒАШҚЫ СОТ ТӨРАЙЫМЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ КІМ?


Нағима Ыдырысқызы Арықова 1902 жылы Верный қаласында туған, Уақ тайпасынан шыққан. Верный қаласындағы Исхақия жәдиттік мектебінің түлегі. Ерте жастан білім беру және қоғамдық жұмыстарға араласты.

Қазан төңкерісінен соң 1918 жылы Ташкенттегі мұғалімдер курсы бітірген. 1919-1922 жылдары Семейде мұғалімдіктен бастап, губерниялық партия комитетінің нұсқаушысына дейін көтерілді. Верный қаласындағы қыздар мектебінің директоры атанды. Семей губерниясының кеңестік партия мектебін бітірген. 1924 жылы Әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі өлкелік курстың меңгерушісі болды. Қарқаралыда әйелдермен жұмыс істеу бөлімін басқарды және Қызылордада өткен VI Бүкілқазақстандық Кеңестер съезіне Жетісу делегациясын бастап барды. 1925-1929 жылдары РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюро мүшелігіне кандидат, әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті.

1929-1930 жылдары Нағима Арықованың РКФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімінің төрайымы болып тағайындалуы нағыз тарихи оқиға болды. Ол кездегі патриархалды қоғам үшін жоғарғы сот сатысын әйел адамның басқаруы төтенше құбылыс еді. 1932-37 жылдары Батыс Қазақстан обкомының бюро мүшесі, насихат және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, «Сталин жолы» журналының редакторы, 1937-38 жылдары Қазақ ССР-і Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары болды. Бірақ бұл кезең оның өміріндегі ең қайғылы уақыт еді. 1937 жылы наурызда оның күйеуі Хасен Қошанбаев (Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп халық комиссары) тұтқындалып, Боралдайдағы Қандысайда атылды.

Ол жердің Қандысай деп аталуы бекер емес. 1938 жылы ақпанда НКВД 19 «наркомды» бір түнде атып, осы Боралдайдағы сайға әкеліп көмген екен. Бірақ бұл еш құжатта көрсетілмеген. 1958 жылы мамыр айында олар ақталған. Оларға тағылған айып: сол кездегі Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов бастаған азаматтарға Қазақстанды КСРО құрамынан бөліп алып, Жапонияға қоспақшы болды деген айып тағылды. Астыртын ұлтшыл контрреволюциялық ұйым жұмысын Алматыда Илияс Молдажанов пен Ізмұқан Құрамысов, Шығыс Қазақстанда Нығмет Сырғабеков, Қарағандыда Ыдырыс Көшкеев, Ақтөбеде Шаяхмет Ярмұхамедов, Оралда Хасен Қошанбаев басқарған-мыс. Тергеу төрт айға созылған.

Нағима Арықова тегін ауыстырмағандығының арқасында ғана тұтқындалудан аман қалған. Алайда ресми құжаттарда оның 1938 жылдың шілдесінде «денсаулығына байланысты» кенеттен қызметтен кеткені ғана көрсетілген. Осыдан кейін оның жарқын саяси жолы үзіліп, бұрынғы нарком мен судья мемлекеттік баспалардағы елеусіз қызметтерге ауысты.



Нағима Арықова өмірінің соңғы жиырма жылы ресми дереккөздерде өте аз қамтылған. Оның өмірбаянындағы 1938 жыл мен 1956 жыл аралығындағы кезең жақындары «халық жау» деп танылған көптеген «бұрынғы» қайраткерлерге тән ақпараттық бос кеңістікпен сипатталады.

Әкімшілік жұмыспен қатар ол публицистикамен де белсенді айналысты. Кейінгі жылдарда Нағима Арықова Қазақстан мемлекеттік баспаларында қызмет атқарды. «Әйел теңдігі» (қазіргі «Ақ босаға») журналының негізін қалаушылардың бірі және алғашқы редакторы болды. Әйелдер жөніндегі «Әйелдер өкілдері не істеуі керек?» деген кітапшаның авторы. Ол М.Әуезовпен Семей губерниялық атқару комитетінде қазақ бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезінде танысқан. Қызмет бабында жиі араласып, түрлі мәжілістерде пікір алысқан. Кейбір көзқарас алшақтықтарына қарамастан, сыйластық қарым-қатынастарын сақтаған.

М.Әуезов өзінің кездесулерде сөйлеген сөздерінде күрескер әйелдің көркем бейнесіне Н.Құлжанова, Н.Арықова, Ә.Мәмбетова сияқты қайраткер қазақ қыздарын прототип етіп алу ойында барын бірнеше жерде қайталап айтқан. Сол мақсатпен 1954 жылы жазда Нағима Арықовамен ұзақ әңгімелесіп, тиісті мәліметтер алған. Ол ойы «Дос – Бедел дос» пьесасында қылаң берді. Бірақ трилогия етіп шығармақ болған үлкен прозалық шығарма жазылмай қалды.

Нағима Арықова 1956 жылы қайтыс болды. Бұл оқиға оның емделуден қайтып келе жатқанда Домодерово әуежайының медпунктінде орын алған. Бүгінде Нағима Арықованың есімі Алматы қаласының Медеу ауданындағы бір көшеге берілген.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

ТАСТАН ШЕРТКЕН СЫР

Қазақстанның оңтүстігінде оғыз ерте тарихы жөніндегі қалыптасқан түсінікті түбегейлі өзгертетін артефакт табылды. Ол – бетіне жазу қашалған шағын әктас блок. Ғалымдар бұл жазудың пайда болуын IX-X ғасырларға жатқызады. Зерттеу нәтижелері көне жазуларды зерттеуге арналған халықаралық ғылыми «The Journal of Epigraphic Studies» басылымында жарияланды.



Бұған дейін Қазақстан жерінде жазудың пайда болуы XIII ғасырға тән деп есептеліп келген. Алайда зерттеушілердің анықтауынша, жазба дәстүрі бұл өңірде одан әлдеқайда ертерек қалыптасқан. Нақтыланған мәліметке сүйенсек, бұл тас тақташа 1990 жылдары заңсыз қазба жұмыстары кезінде табылғанымен, оған ресми ғылыми зерттеу жүргізілмеген. Кейін ол құжатталып, түркі эпиграфикасы саласындағы мамандармен бірлесіп жан жақты талданған соң, 2025 жылы ғылыми қауымдастыққа ресми түрде таныстырылған екен.

Жазудың өзі бір ғана жолдан тұрады және онда таңбалардың ерекше нұсқалары қолданылғандықтан мәтінді дәлме дәл оқу айтарлықтай қиындық туғызады. «Наука» басылымы жазуды «Kazar qan qul» деген тіркес ретінде қарастырып, оны «Хазар қағанының қызметшісі» деп аударылғаны туралы жазады. Егер бұл жорамал расталса аталған артефакт Оғыз мемлекеті мен ерте орта ғасырлардағы ең қуатты дала империяларының бірі – Хазар қағанаты арасындағы саяси немесе иерархиялық байланыстардың болғанын айғақтайды. Ал жазудың төменгі бөлігінде қашалып салынған белгі стильдендірілген өзен бейнесіндегі тайпалық тамға ретінде түсіндіріледі.

Көптеген тарихшылар ұзақ уақыт бойы оғыздарды жазба дәстүрі дамымаған, негізінен ауызша мәдениетке сүйенген қауым ретінде сипаттап келген. Ал жаңа жазба – оғыздардың IX-X ғасырлардың өзінде-ақ әкімшілік, саяси немесе мемлекетаралық қатынастарда жазуды қолданғанын дәлелдейтін тікелей айғақ. Ғалымдар бұл жаңалық оғыздарды жазба және мәдени даму деңгейі жағынан көктүріктер және ұйғырлармен бір қатарға қояды деп есептейді. Сондай-ақ оғыз тайпалары жазуды тек ғұрыптық мақсаттарда ғана емес, әкімшілік, дипломатиялық және басқару қажеттіліктері үшін де пайдаланғанын көрсетеді.

Дегенмен түркі халықтарында жазу мәдениеті бұдан әлдеқайда ертерек пайда болғаны белгілі: көне түркі жазба ескерткіштерінің ең ежелгілері VIII ғасырға жатады. Соның бірі – Есік жазуы: сақ дәуіріне (б.з.д. шамамен V ғасыр) жататын артефактілердегі жазбалар. Бұл таңбалар көне түркі руна-



лық белгілерін еске салғанымен, бүгінгі күнге дейін толықтай оқылып, шешімін тапқан жоқ. Моңғолия жерінен табылған Орхон жазбалары, Суджи мекенінен табылған IX ғасырға тиесілі жазбалар да көне түркі жазба мұрасының қатарына енеді. Осы тұрғыдан алғанда артефакт бүкіл Еуразия кеңістігінде түркі топтары пайдаланған ортақ жазба дәстүрінің айғағы болуы мүмкін.

IX ғасырға жататын ұқсас руналық жазбалар Оңтүстік Сібірде, Алтайда және Хакасияда (Ресей) да табылған, мұнда олар көне түркі тайпаларымен және алғашқы мемлекеттік құрылымдармен байланыстырылады. Моңғолия мен Солтүстік Қытай аумағында әкімшілік және діни мәтіндер үшін қолданылған ұйғыр жазба дәстүрінің ескерткіштері де белгілі. Ал Қырғызстан мен Өзбекстан аумақтарында археологтар көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар ортасында жазба белгілерінің қолданылғанын көрсететін жекелеген эпиграфикалық ескерткіштер мен тамғаларды тіркеген.

Әрбір таңба – тарихтың тілі, әрбір жазу – ғасырлар арасын жалғаған алтын көпір. Осы бай рухани мұраны бүгінгі ұрпаққа танытуды мақсат еткен «Ұлы Дала Елі» орталығында жазба мәдениетінің асыл қазыналарына арналған тағылымды экспозиция ұсынылған. Экспозиция келушілерді жазба мәдениеттің қалыптасу жолымен таныстырып қана қоймай, ұлт жадында сақталған рухани сабақтастықтың мәнін терең сезінуге жетелейді. Мұнда адамзат ойының тереңдігін, сөз құдіретінің қуатын айғақтайтын көне жазба ескерткіштері көрініс табады.

Д.ТАУАСАРОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығы
қызметкері

ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ТАБЫЛҒАН ҚҰПИЯЛАР

Шымкент пен оның іргесіндегі Сайрам – Қазақстанның ғана емес, Орталық Азияның ең көне мәдени ошақтарының бірі. Бұл өңірдегі археологиялық қазба жұмыстары тарихтың терең қабаттарынан сыр шертетін бірегей жәдігерлерді жарыққа шығарды. Төменде осы екі көне шаһардан табылған маңызды археологиялық олжаларға шолу ұсынамын.

КӨНЕ ШЫМКЕНТ: 2200 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХ АЙҒАҚТАРЫ

Шымкент қаласының дәл орталығында орналасқан «Ескі қалашық» (Цитадель) – археологтар үшін нағыз қазына. Зерттеулер нәтижесінде қаланың іргетасы бұдан 2200 жыл бұрын қаланғаны дәлелденді. Негізгі жәдігерлер:

- 1) Қыш бұйымдар мен керамика: Қазба жұмыстары кезінде біздің заманымызға дейінгі II ғасырға жататын құмғандар, тостағандар мен астық сақтайтын ірі көзелер табылды. Олардың жасалу технологиясы сол заманда-ақ қолөнердің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.
- 2) Тұрғын үй қалдықтары: Қаланың бекініс қабырғалары мен шикі кірпіштен өрілген үй орындары табылды. Бұл Шымкенттің ежелден-ақ дамыған инфрақұрылымы бар бекініс-қала болғанын айғақтайды.
- 3) Тиындар мен қару-жарак: Қарахан дәуірі мен Темір әулеті кезеңіне тиесілі мыс тиындар, жебе ұштары мен



шаруашылық құралдары қаланың сауда орталығы болғанын дәлелдейді.

САЙРАМ (ИСПИДЖАБ): ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖАУҒАРЫ

Сайрам – орта ғасырлардағы атақты Испиджаб қаласының орны. Бұл шаһар «Ақ қала» деген атпен танымал болып, Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда және діни орталық қызметін атқарған. Маңызды олжалар:

- 1) Жеделдік (архитектуралық) фрагменттер: Көне мешіттер мен медреселердің орнынан табылған күйдірілген кірпіштер, оюланған терракоталар. Әсіресе, X-XII ғасырларға тән өсімдік тектес оюлармен безендірілген қыштар

ерекше мәнге ие.

- 2) Су құбырлары (Кәріз жүйесі): Сайрамнан табылған қыш құбырлар кешені орта ғасырларда қаланың сумен қамту және кәріз жүйесінің өте жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

- 3) Шыны бұйымдар мен әшекейлер: Археологтар Ираннан, Қытайдан және Византиядан әкелінген шыны ыдыстардың сынықтарын тапқан. Бұл Испиджабтың халықаралық саудадағы рөлін айқындай түседі.

- 4) Тас мүсіндер мен құлпытас: Көне түркі дәуіріне жататын балбал тастар мен ислам дәуірінің алғашқы кезеңіне тән араб графикасымен қашалған құлпытас.

Шымкент пен Сайрам – көшпелі және отырықшы мәдениеттің тоғысқан жері. Мұндағы табылған әрбір қыш сынығы мен тиын Оңтүстік Қазақстанның ерте заманнан-ақ өркениеттің орталығы болғанын айғақтайды. Бұл археологиялық мұраларды зерттеу әлі де жалғасуда. Бүгінде табылған жәдігерлердің басым бөлігі Шымкенттегі «Цитадель» музей кешенінде және Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр.

Қосмұрат Динара Нұрғалиқызы, Шымкент қалалық музейлер бірлестігі МКҚК қарасты «Шым қала» тарихи-мәдени кешені бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

БІЗДІҢ КЕЙІШКЕР

3

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

Одан кейін кемелерді жөндейтін «ATM SOLUTIONS» компаниясы ашылды. Бұрын үлкен кемелер шетелдерде жөнделетін. Біз енді кемелерді өзіміз жөндей бастадық. Аталған компанияны ашудағы мақсатымыз не еді? Біріншіден, бұл жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Екіншіден, қаржы көзі өзге елге кетпейді, өз елімізде қалады. Үшіншіден, біздегі мамандардың өз тәжірибесін шыңдауына мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек «Marine Bolashak» атты оқу орталығымыз да жұмыс істеп тұр. Мұнда үш айлық қысқа мерзімді курс оқу арқылы адам кемедегі құрал-жабдықтарды қалай пайдалану керек, қауіпсіздік талаптарын қалай сақтаймыз, өрт туындаған жағдайда не істеу қажет, біреу ауырып қалса қалай әрекет ету керек, т.б қажетті білімді толық үйреніп шығады. Бір ай теория-

жанұясынан жырақта жүреді. Айлап кемеді отбасынан алыста өмір сүру де оңай емес. Оған ата-анасы, ертеңгі күні үйленіп жатса әйелі қолдау көрсете білуі керек және өзі де соған дайын болуы тиіс. Осының бәріне төзе білсе ғана ол теңізші бола алады.

– **Бұл қиын тұсы. Қызық тұсы ше? Содан соң теңізші мамандығын менгеру не береді?**

– Қызық тұсы – ол теңіздегі көрініс. Көз тоқтатып қараған адамға керемет рахат сыйлайды. Тынық күндері теңіздің беті айнадай жылтырап жатады. Алғашқы 5-6 күнде адам кемеге бір бейімделіп алса, ары қарай қиындық тұмайды.

Мамандықтың артықшылығы да аз емес. Теңізшілер дәрежесіне, кемесіне,

Төре ҚҰРБАН,
теңізші, кәсіпкер:



«КАПИТАН КЕМЕНІ ҒАНА ЕМЕС, ТЕҢІЗДІ ДЕ СЕЗІНЕ БІЛУІ ТИІС»

лық білім алады, қалған екі айында сол білімін кемеге барып, іс жүзінде барлығын көзбен көріп, қолмен ұстап дегендей, тәжірибеден өтеді. Сол арқылы матрос бола алады.

Содан соң теңізшілер әр бес жыл сайын білімін, тәжірибесін шыңдап, құжаттарын жаңартып тұруы тиіс. Ол үшін де бізге келіп білім алып жатады. Жалпы, біз халықаралық конвенцияға сәйкес аккредитациядан өткенбіз, сондықтан халықаралық дәрежеде сертификат бере аламыз. Бұрын біздің теңізшілер Ресей мемлекетіне барып білімін жаңартатын болса, енді өзімізде оқып-ақ халықаралық дәрежедегі құжат ала алады.

Әр компаниямызда 40 шақты адам жұмыс істейді. Әрқайсысы – кемі он жылдан отыз жылға дейінгі тәжірибесі бар өз саласының мамандары. Қазір теңіз саласында жұмыс істегісі келетін жас мамандарға да біз білімін шыңдауға ғана емес, тәжірибе жинақтауға да мүмкіндік беріп отырмыз.

– **Теңізші болу үшін қандай қасиеттер керек? Нені білу керек?**

– Елімізде теңіз саласының мамандары жетіспейді. Сондықтан осы саланы насихаттау, оқуға шақыру мақсатында мерекелік іс-шаралар, кездесулер өткізіп тұрамыз. Сонда біз теңізшілікті оқимын деген жастарға алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Теңіз өмірінің де өзіндік қиындықтары бар, өзіндік ережелері бар. Оған кез келген адам шыдай бермейді. Мысалы, алай-дүлей дауыл тұрған кезде теңіз тербеліп, шайқалады. Сол кезде қорқынышқа бой алдырмай, шыдамдылық, сабырлық таныту білу де – ең керек қасиет.

Содан соң теңіз аурулары болады. Теңіздің тербелісіне шыдамай жүреді айнып, тамаққа тәбеті тартпай қалып жатады. Сондай кездері де мықтылық керек. Егер сәл төзімділік танытса, адам оның бәрінен оп-оңай өте шығады. Қарап тұрсаңыз, теңіз нағыз ер азаматтың мінезін қалыптастырады.

Осының бәрін біз алдын ала айтамыз, ескертеміз. «Сен қазір ақшанды, уақытыңды жұмсап білім аласың. Ертеңгі күні теңізшінің өміріне дайынсың ба?» деп сұраймыз. Өйткені бізде мынандай жағдайлар да болып жатты: бір ай оқытып, кемеге жіберген кезде қатты дауылдарға түсіп қалып, соңында «бұл менікі емес екен» деп қолын сілтеп кетіп қалады. «Мен бұрын сонды кемеді болғанмын, бәріне шыдаймын» деп келетіндер де жоқ емес. Десе де, келгендерді медициналық тексерістен өткіземіз, алдын ала түсіндіреміз, дайындаймыз.

Кейбір адамдар кеңістіктен қорқу мүмкін. Шет шегі көрінбейтін су айдынына шыққанда қорқынышқа бой алдырып жатады. Яғни, психологиялық тұрғыдан да дайындық қажет.

Тағы бір мән беретін нәрсе – кемеге кеткен адамдар бір ай, екі ай, үш айлап

мекемесіне қарай 300 мыңнан бастап 1 миллион теңгеден астам аралыққа дейін жалақы алады. Олар айлап теңізде жүрген кезде барлық жағдайы қарастырылады, жолкіреге, түскі асқа деп ақша жұмсамайды. Сәйкесінше жалақысын жинауға мүмкіндігі бар. Осылайша үй, көлік алып жатады. Бұл салада біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің бауыры жұмыс істеп жатыр және олар шама-шарқынша жанұясының, әулетінің жағдайын жасауда. Мен енді келген жастарға: «Егер сен тек матрос болып қалатын болсаң, ары қарай өспейтін болсаң, онда бұл саланы оқымай-ақ қой», – деп айтамын. Өйткені, матростың жалақысын жағада жүріп те таба алады. «Ал егер өсемін, аға механик, кеме капитаны боламын деген мақсатың болса, онда кел, оқы, тоқтама», – деп кеңес беремін. Негізі қай салада болмасын адамда мақсат, ынта болмаса, оны жігерлендіру, алға сүйреу қиын. Оның сол ішкі күйі маңайына міндетті түрде әсер етеді. Өйткені ол кемеді жалғыз жүрмейтіні белгілі, он шақты адамнан құралған команда ішінде болады. Сондықтан өсуге, дамуға деген ұмтылыстың болғаны өте дұрыс.

«КЕМЕЛЕРДІ АТҚА ТЕҢЕЙТІНМІН...»

– **Жеті жыл теңізде жүрген кезде есіңізде қалған ерекше оқиғалар бар ма? Бар болса бөліссеніз...**

– Теңізде ауа райы өте маңызды. Біз ауа райына қарап жоспар құрамыз. Қатты дауылдарда кеме теңізге шықпайды. Дегенмен ауа райын дәл болжау барлық кезде мүмкін бола бермейді. Бірде солай ауа райы болжамы дәл келмей, теңіздің ортасында дауылға қалып кеттік. Ол кезде мен аға механикпін. Теңізде изобат деген болады, яғни 20-30 метр тереңдікке түсіп, қайта шығамыз. Изобаттан шыққан кезде дауыл кемені лақтырады. Осыған қарап-ақ дауылдың күші қандай екенін бағамдай беріңіз. Сол дауылдан капитанның мықтылығының арқасында әйтеуір аман-есен шықтық. Мұндай кезде адам бәріне дайын болу керек және шұғыл әрекет ете білу өте маңызды. Өйткені адам қанша жерден білімді, білікті болып тұрса да, егер қорқынышқа бой алдырып немесе сәл әлсіздік танытатын болса кемені игере алмай қалады. Ондай адамдарды да кездестірдім.

Кейіннен теңіз тыншып, көңіліміз жайланған соң капитаннан: «Сізде осы кезде қандай ой болды?» – деп сұрадым. Ол кісі: «Мен үшін қашанда адам өмірі маңызды. Сондықтан барар жерімізге аман-есен жетуді ғана ойладым. Сол үшін кемені жағаға жақын алдым», – деді. Әдетте, кемелер жағадан алыс жүреді, себебі үлкен кемелерге терен су керек. Тонналаған жүк артылған кеме үшін таяз жерлер қауіп ту-

дыруы мүмкін. Ондай жерде жүкті түсірмейінше кеменің қозғала алмай қалу ықтималдығы бар. Соған қарамастан кеме басшысы барлығын аман-есен алып шықты. Бұл да капитанның бір батырлығы дер едім.

– **Капитан кемеге шыққанда нені білу керек?**

– Капитан кемені ғана емес, теңізді де сезіне, сезе білу керек. Кеме көлік емес, бір орында тұрмайды. Судың ағыны бар, жел бар, алып кемені өз бағытына ертіп алып кете береді. Капитан соған қарамастан кемені өз ыркына көндіре білу керек. Мен ауылдың баласы болған соң кемелерді атқа теңейтінмін. Қызыл түстісін «қызыл айғырым», жасыл «жасыл айғырым» деп ат қойып қоятынмын. Кеме де ат секілді, ауыздығын тарта білу қажет. Мен үшін кеме капитаны болу қиындық тудырған жоқ.

Адам мамандық таңдаудан қателеспей керек дейді ғой. Мен өзім осы саланы таңдағанымна қуанамын. Осы салада жетістікке жетіп отырған соң теңізші мамандығын жастарға насихаттауға, қолдан келгенше дамытуға барынша күш салып жүрміз. Сол мақсатта мерекелік іс-шаралар, тегін концерттер, форум, марафондар ұйымдастырып жатамыз.

– **Қай теңізде болдыңыз? Қандай елдерге бардыңыз?**

– Каспий теңізі шекараласатын Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан елдеріне жүк тасымалы, адам тасымалы бойынша әртүрлі тапсырмалармен бардық. Қара теңізде, Волгада болдым. Қолымыздағы карта бойынша теңіз жолдарын сызамыз. Соған сәйкес халықаралық ережелерді, теңіз заңдылықтарын сақтай отырып сапарға шығамыз.

Бір қуантарлығы бізде теңіз бар. Ол да жастарды жұмыспен қамтуға сеп. Теңіз саласы – басқа елдермен байланыстыратын сала әрі кеме арқылы жүк тасымалдау транспорт тасымалына қарағанда тиімді. Арзандау келеді. Неге арзандау десеніз, біріншіден, кемеге бір артқанда өте көп жүк артылады. Екіншіден, теңіз жолы – қысқа, төте жол. Жүкті қаншалықты көп алған сайын тасымалы да арзан келеді.

Жалпы, елімізде теңіз саласының дамып келе жатқаны қуантады. Біздің құжаттар халықаралық дәрежеде мойындалып, шетелде жұмыс істеп жатқан мамандарымыз да бар. Бұл да біздің бір жетістігіміз деп айта аламын. Бірақ, бізде кеме салу жұмыстары әлі де әлсіз. Біздегі кемелердің басым бөлігі шетелде жасалады. Қазір біз осы бойынша да жұмыстанып жатырмыз.

– **Аққұмда сіздің демеушілігіңізбен спорт кешені салынып жатыр екен. Идея қалай келді?**

– Иә, Аққұм ауылында туып-өссек те,

оқу, жұмыс деп жүріп ауылдан жырақтап кеттік. Қазір мен Ақтау қаласында тұрып жатырмын. Бауырларым Алматыда. Ауылда тек ағайындар ғана қалды. Дей тұрғанмен ауылға деген сағыныш, туған жерге деген махаббат ешқашан өшкен емес, бір бүйрегіміз бәрібір бұрып тұрады. Мұны сол махаббаттан туындаған, жақсы ниетпен басталған іс деуге болады. Адам туған ауылын ұмытпауы тиіс деп ойлаймын. Ауылдың өзінде де спортпен айналысып, жетістікке жетіп жүрген қаншама жастарымыз бар, спортпен айналысқысы келетін қаншама балалар бар. Басты мақсат – соларға жағдай жасау. Бүгінгі таңда құрылыс жұмыстарына жан жақтан қолдау көрсетіп жатқандар да жоқ емес.

Негізі құжат жұмыстары былтыр басталған. Тиісті орындардан рұқсат алғаннан кейін құрылыс қарқынды жүрді. Алла қаласа, биыл мамыр айында ашылуы болады деп жоспарлап отырмыз. Мұнда самбо, дзюдо, еркін күрес, шахмат, садақ ату секілді т.б. түрлі спорт үйірмелері жұмыс істейтін болады.

«ЖАСТАР БІЛІМ АЛУДАН, ЕҢБЕКТЕНУДЕН ШАРШАМАУ КЕРЕК...»

– **Кәсіпкер ретінде тағы қандай жобаларды жүзеге асырдыңыз?**

– Қазақстанның әр өңірінен біріккен, тәжірибе алмасатын кәсіпкерлер ортасы бар. Барлығын біріктіретін бір мақсат – елге қызмет ету. Сол кәсіпкерлердің қолдауымен қазір жақсы бір жоба іске асып жатыр. Бұл жоба мұғалім боламын деген жас студенттерге көмектесуге арналған. Басында жай идея ретінде қағаз жүзінде басталған еді, қазір нақты іске айналды. Осы жоба бойынша Ақтау қаласынан жер алынып, арнайы жатақханалар салынды. Мақсат – мұғалім боламын деген жастарды мұнайлы өлке Маңғыстау өңіріне тартып, оларға қолдау көрсету. Яғни, біздегі жоғары оқу орнына түскен болашақ педагогтердің жатын орны, тамағы – барлығы қамтамасыз етіліп, оларға жағдай жасалады. Содан соң онда жақсы орта қалыптасқан, ол жерде студенттер білімін шыңдайды, тәрбие жағы да назардан тыс қалмайды. Уақытты бос өткізбей, әр күнін тиімді пайдалануға, өздерін дамытуға барлық мүмкіндік бар. Маңғыстауға қонақ болып келген ағаларымыз бұл жобаға қатысты жақсы пікірлерін айтып кетіп жатады. Өйткені мұнда жастарға керек жағдайдың бәрі жасалған.

Бұл жобаның бастау алуына педагогика саласындағы кей мәселелер түрткі болды. Мектептерде ер мұғалімдердің аздығы, кейбіреулердің бұл мамандыққа кездейсоқ келетіндігі секілді т.б. біршама мәселелер қозғалып, осындай қолдау жобасы қажет болды. Осы жоба арқылы ертең елге пайдасын тиізетін, өз ісін білетін, өз мамандығын жақсы көретін мамандар тәрбиеленіп шығады деген ойдамыз.

Алда тағы бір жобаны іске асырсақ деген ойымыз бар. Ол – ұлттық нақыштағы лагерьлер. Ақтаудағы БИЛ мектебінің ұстаздары кәсіпкерлердің қолдауымен 2-3 жыл қатарынан қазақтың салт-дәстүрін насихаттайтын лагерьлер ұйымдастырып келеді. Бұл жоба алғашында Талдықорған жақта тамаша табиғаттың баурайында бастау алған екен. Лагерьдің ерекшелігі сол, мұнда балаларға атқа мінуді, қой союды, май алып, құрт жасуды, құрақ құрауды, сол секілді басқа да қазақ халқының құндылықтарын, ауыл тіршілігін көрсетіп, үйретеді. Бала қаладағы төрт қабырғадан шығып, табиғатпен үндеседі. Бір жағы, бұл балалар үшін тәжірибе алмасу, өзара танысу алаңы болады. Жыл сайын керемет форматта ұйымдастырылып жатады. Енді кезекті лагерьді Аққұм ауылына ұйымдастыру туралы ұсыныс айтылып жатыр. Өйткені біздің ауылдың да табиғаты өте керемет.

▶ (Жалғасы 4-бетте).



«КАПИТАН КЕМЕНІ ҒАНА ЕМЕС, ТЕҢІЗДІ ДЕ СЕЗІНЕ БІЛУІ ТИІС»

◀ (Соңы. Басы 1, 3-беттерде).

Қазір осы ұсынысты қарастырып жатырмыз. Бұған байланысты алда киіз үйлер тігу, балалардың ас-ауқатын, басқа да лагерге қажетті заттармен қамтамасыз ету, мінілетін аттар әкелу, үйрететін адамдарды дайындау, тәрбиешілер жинақтау т.б. көптеген жұмыстар күтуде. Әзірге лагерге баруға ынталы 1000-нан астам бала дайын тұр. Он-он күнге бөліп, 200 баладан алып келеміз бе, қалай ұйымдастырамыз, осы жағын да ойластыру үстіндеміз.

– Сіз патриотсыз ба? Сіздіңше патриот деген кім?

– Патриот деген – елін сүйетін адам. Ол оны қызметімен ғана емес, құрметімен де көрсетеді. Ата-анасына, бауырына, жанұясына, ауылына, еліне деген құрметі болса, онда ол адам – нағыз патриот. Мұның бәрі адамның ойынан басталады. Ой сөзге, сөз іске айналады.

Әрине, мен де өзімді патриотпын деп санаймын. Құдай мүмкіндік берсе, шама-шарқымша елге пайданды тигізгім келеді. Бұл ұстаным менде бұрыннан бар. Тек сәті енді келіп жатқандай. Қазіргі жобалардан бөлек қаншама жоспарларымыз бар. Алдағы уақытта ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шағын зауыттар салу да ойда жоқ емес.

Жалпы алғанда, біз, үлкендер жағы жастарға жақсы ісімізбен үлгі бола алуымыз керек. Ал жастар білім алудан, еңбектенуден шаршамау қажет және тек қара басымен ғана шектелмей, мейлінше жан-жаққа пайдасын тигізуді де ойлауы тиіс. Қазіргі жастар өте мықты, көзі ашық, сауатты. Мақсаттары айқын. Жас болса да бас болып жүргендері қаншама. Біздің кездегі жастар мен қазіргі жастарды салыстыра алмайсың. Себебі қазіргілер көзін ашқаннан ақпарат ағынының ортасында өмір сүріп келе жатыр. Біздің міндет – тек соларға үлгі болып, дұрыс жол сілттеп жіберу. Ар жағын өздері-ақ оңай алып кетеді.

Жастарға «Бір досың кітап болсын» деп жиі айтамын. Өйткені өзіміздің өміріміздің жақсы жаққа өзгеруіне үлес қосқан тағы бір дүние болса, ол – кітаптар. Кітап тұрғанда өзге адамның ақылы да қажет емес, керектінің бәрін сол жерден-ақ табуға болады.

Өмір мәңгілік емес қой. Бұл өмірде жақсы адам ретінде ғана емес, жақсы аға буын ретінде де кейінгі ұрпаққа үлгі бола алсақ, жеңіске жеткеніміз. Сол мақсатта тынбай еңбек етіп келеміз.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!

Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Маңызы бар мереке

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖҰПТАР БАЙҚАУЫ ЖАСТАРҒА ЖОЛ КӨРСЕТТІ

Түркістан – түркі әлемінің рухани жүрегі саналып, ұлттық дәстүр мен мәдениеттің алтын бесігіне айналған өңір. Мұндай киелі мекенде жастар тәрбиесіне, олардың бойына ізгі құндылықтарды сіңіруге бағытталған тағылымды шаралардың өтуі айрықша мәнге ие.

Түркі дүниесінде махаббаттың мәңгілік символына айналған 15 сәуір – Ғашықтар күні ұлттық болмыспен біте қайнасқан ерекше мереке. Бұл күн қазақ халқының бай ауыз әдебиетіндегі адал сезім мен кіршіксіз сүйіспеншіліктің үлгісіндей болған Қозы Көрпеш пен Баян сұлу секілді ғашықтардың тағдырын еске салып, ұрпақ санасына шынайы махаббаттың қадірін сіңіреді.

Жұртшылық жадында сақталған осындай лиро-эпостық жырлар тек көркем мұра ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәні зор рухани қазына ретінде саналады. Олар арқылы жас буын адалдықты, сертке беріктікті, бір-біріне деген құрмет пен сенімді бойына дарытады. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан түрінде ұйымдастырылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» заманауи жұптар байқауы ұлттық мұра мен бүгінгі жастар өмірін сабақтастыра білген мазмұнды бастама болды.

Көпшілік назарына ұсынылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» заманауи жұптар байқауын көрермен қауым бірінші рет тамашалап отыр. Оның негізгі мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын арттыру, оларды отбасылық өмірге бейімдеу, берік шаңырақ құруға бағыт беру және қоғамда белең алып отырған ажырасу мәселесінің алдын алу. Осы орайда, игі шараның маңызы мен мақсатына қатысты Түркістан облыстық қоғамдық даму «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Бағдат Ернарз Көпжасарұлы былайша өз пікірін білдірді.

– Баршаңызға белгілі, Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын үйлестіретін құрылым. Бұл ретте, бізге Ассамблея тарапынан 13 ауқымды жоба берілген. Соның бірі – «Жаңа толқын». Аталған байқау Түркістан қаласында «Жаңа толқын» жобасы аясында жүзеге асты. Анығын айтқанда, іс-шараны Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» КММ, «Respublica» партиясы және «Re Jastyry Turkistan» облыстық ұйымы бірлесе өткізсе, «Re.Women» әйелдер қауымдастығы қолдау білдірді.

Осы жоба негізінде біз жастар арасында отбасылық байқауды алғаш рет ұйымдастырып отырмыз. Сонымен қатар, мекеме жанынан құрылған инклюзивті Ассамблея құрылымы жұмыс істейді. Оның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамда өзге азаматтармен тең дәрежеде өмір сүруіне жағдай жасау, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету. Өйткені мұндай азаматтар қоғамнан шет қалмауы тиіс, олардың да шығармашылық әлеуеті жоғары. Осы бағытты қолдау мақсатында байқауға инклюзивті Ассамблея өкілдерін де қатыстырдық.



Байқаудың әділ қазылар алқасы 7 адамнан құралды. Қазылар құрамында мен өзім де төрелік еттім, сондай-ақ танымал композитор, көпшілікке кеңінен танымал «Жұбайлар жыры» әнінің авторы Бекжігіт Сердәлі болды. Әріптесіміз бүгінде Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» КММ мекеме жанындағы шығармашылық ұжымның төрағасы қызметін атқарады. Бұдан бөлек, білім беру саласының өкілдері, демеушілер мен қоғамдық ұйым мүшелері де қазылық жасады.

Жалпы, біздің «Достық үйінде» «Елтану» жобасы аясында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәдени, әдеби іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Өңірде 2 миллионға жуық халық тұрады, оның ішінде 550 мыңнан астамы – түрлі этнос өкілдері. Олар бүгінде бір шаңырақ астында татулық пен бірлікте өмір сүріп жатқандықтан, мұндай іс-шаралар қоғамдық келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда жастар арасындағы осындай отбасылық байқауларға сұраныс артуда. Осыған байланысты алдағы уақытта бұл жобаны жүйелі түрде жалғастырып, оның ауқымын облыстық деңгейде кеңейтуді жоспарлап отырмыз, – деді ол.



Жалпы байқауға 7 жұп қатысты, ол жұптардың бірі инклюзивті Ассамблеядан болды. Олардың бірі – қоларбадағы қыз, екіншісі – қолынан айырылған азамат. Соған қарамастан, олар өздерінің талантын, жігерін көрсетіп, көрерменнің ықыласына бөленіп, нәтижесінде бас жүлдені жеңіп алды.

Сонымен қатар, байқауға Ассамблея жастары мен «Respublica» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық өкілдігінен бір жұп қатысып, қалғаны өңір жастарынан құралды.

Бағдарлама барысында қатысушы жұптар төрт кезең бойынша бақ сынады. Атап айтқанда, олар «Өзін-өзі таныстыру», «Өнер – ортақ тіл», «Береке – бірлікте», сондай-ақ «Сұрақ-жауап және мақал-мәтел жалғастыру» бөлімдерінде өнер көрсетті.

Сайысқа қатысқан жеті жұп өздерінің шығармашылық қабілеттерін, тапқырлық қасиеттерін, сахнадағы еркіндігін және жұп ретіндегі үйлесімділігін жоғары деңгейде таныта білді.

Байқауда жұптардың өнері жан-жақты сараланып, әділ бағаланды. Нәтижесінде жеңімпаздар қазылар алқасының ортақ шешімімен анықталды. Бас жүлдеге ие болған жұп сахнада ерекше өнер көрсетті: жігіт аяғымен сурет салып, қыз Мұқағали Мақатаевтың өлеңін жатқа оқыды, сондай-ақ ән айтып, би билеп, көрерменнің зор ықыласына бөленді. Олар мүмкіндігі шектеулі болса да, қоғамда тең дәрежеде өз орнын көрсете білді.

Жобаға демеушілер тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп, байқауға қатысқан барлық жұптарға ынталандыру мақсатында түрлі сыйлықтар мен сертификаттар табысталды. Сайыс қорытындысы бойынша үздік өнер көрсеткен қатысушылар І, ІІ, ІІІ орындар және бас жүлде иегері ретінде анықталып, лайықты марапаттарға ие болды. Барлық қатысушыларға мекеме басшысы Эльмира Ұласбекқызының атынан Алғыс хаттар табысталып, олардың белсенділігі мен шығармашылық еңбегі жоғары бағаланды. Сонымен қатар, үш жұпқа мәдени демалысты қолдау мақсатында «Жігіттер» концертіне билеттер берілді. Бас жүлде иегеріне арнайы 100 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйлық табысталып, өзге де жүлдегерлерге түрлі аталымдар бойынша қосымша марапаттар ұсынылды.


Бұл шара тек жарыс ретінде ғана емес, жастардың өнерін шыңдап, мәдениетін дамытуға, ұлттық құндылықтар мен рухани сабақтастықты дәріптеуге бағытталған маңызды мәдени оқиға сипатында өтті. Мұндай бастамалар Түркістан облысында жастар саясатының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетіп қана қоймай, қаланың рухани-мәдени орталық ретіндегі мәртебесін одан әрі арттыра түсері анық.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Қазақ әдебиеті орны толмас қазаға ұшырады. Халқымыздың біртуар перзенті, әйгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов мәңгілік сапарына аттанды. Өз дәуірінің ар-ожданына айналған, шындықты шыңғыртып айтудан тайсалмаған қайраткердің қазасы бүкіл елдің қабырғасын қайыстырып отыр. Ол тек өлең өлкесінің алыбы ғана емес, ұлттық мүдде жолында аянбай тер төккен нағыз күрескер еді. Оның отты жырлары мен асқақ үні әрбір қазақтың көкірегінде жатталған болатын. Қазақ поэзиясының бір аспаны ортасына түскендей, күллі Алаш жұрты аза тұтып, арысымен қоштасуда. Ұлттық мүдде мен ана тіліміздің нағыз жанашыры болған тұлғаның есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қала бермек. Марқұмның отбасы мен жақындарына, барша қазақ халқына қайғырып көңіл айтамыз.

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран



сонша, Ғалымдар үйінің тәуелсіздік жылдардан кейін ашылуы ұмытқан екінші қабаты ашылып, көрермендер балконға жайғасты. Орын жетпей адамдар ортада түрегеп тұрды. Түрегеп тұрып кеш көргендердің қатарында математик Асқар Жұмаділдаевтың болғаны есімде. Сол кешті ашып, сөз сөйлеп беруге Мұхтар Шаханов келді. Менің өлеңдерімді орыс тіліне аударып, өлең оқуға Арон Атабек келді. Кешті Иран Ғайып жүргізді.

Кейін Мұхтар Шаханов менің өлеңдерімді өзі басқарып отырған «Жалын» журналына басып шығарды. Бірде ол маған хабарласып «Төлген Айбергенов» атындағы медальді маған табыстағысы келетінін айтты. Республика сарайында сол медальді ресми табыстағаны есімде.

Шаханов қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын алуы үшін қаншама күрес жүргізді. Арал теңізі проблемасын, Желтоқсан көтерілісінің қасіретін халыққа жеткізді. Заманымыздың ұлы тұлғасы Шыңғыс Айтматовпен дос болды. Шыңғыс кеткен соң жаны жабырқап жалғыз қалған сияқты.

Ей, дүние-ай! Бір ғасырдың символына айналған Мұхтар Шаханов та өтті өмірден! Күресіп-күресіп қажыған ақын тілді де, рухты да, мемлекетті де, тәуелсіздікті де әр қазақтың өз ар-ұятына тапсырып, келместің кемесіне мініп кете барды. Хош бол, ғасыр ақыны!

Танакөз ТОЛҚЫНҚЫЗЫ

Аймақ тынысы

Өңір бюджеті өсім көрсетіп, жоспардан асты



2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша Түркістан облысының бюджетіне түсімдер жоспары 118%-ға орындалып, 58,3 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді. Жоспардың асыра орындалуы негізінен өзіндік кірістер есебінен қалыптасты. Өзіндік кірістердің нақты түсімі 70,8 млрд теңгені құрап, жоспар 10,6 млрд теңгеге артық орындалды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,2 млрд теңгеге немесе 8%-ға өсіп отыр. Сонымен қатар, субвенциялар, бюджеттік кредиттерді өтеу және республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер жоспары толықтай 100% орындалды.

Түркістан облысы әкімдігінің апталық мәжілісінде 2026 жылдың бірінші тоқсаны бойынша облыс бюджетінің орындалуы мен бекітілген индикаторлардың жүзеге асу барысы талқыланды. Жиында облыс әкімі Нұрлан Көшеров жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктелді.

– Түсімдер мен өзіндік кірістерді арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейте түсу керек. Бюджетті уақтылы әрі өз мақсатында сапалы игеру мәселесі де өзекті. Облысты дамыту бойынша бекітілген индикаторлардың орындалу барысы қатаң бақылауда тұр. Кемшілікке жол берген аудан, қала әкімдіктері мен басқармалардың жауапты тұлғаларына тиісті шаралар көріледі, – деген Нұрлан Көшеров жоспарды орындамаған басшылардың есептері мен уәждерін тыңдады. Оларға тиісті тапсырмалар берілді.

Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гүлфари Әжіметованың айтуынша, кейбір экономикалық көрсеткіштер бойынша республика деңгейімен салыстырғанда Түркістан облысының көрсеткіштері жоғары. Атап айтқанда, өзіндік кірістер жоспарының орындалуы 118%-ды құрап, республикадағы орташа 109%-дан жоғары болды. Ал түсімдердің өсу қарқыны 108%-ға, салықтық түсімдердің өсу қарқыны 104%-ға жетіп оң динамика көрсеткен.

Аудан және қала әкімдіктері бойынша өзіндік кірістер жоспары толық орындалған. Бірқатар негізгі салық түрлері бойынша да нақты өсім байқалады. Мәселен, жеке кәсіпкерлердің табыс салығы 7,6 млрд теңгені құрап,

жоспардан едәуір жоғары орындалса, мүлік салығы 4,7 млрд теңгеге жетіп, жоспар 1 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді.

Облыс экономикасындағы оң үрдістерге заңды тұлғалар санының артуы да ықпал етіп жатыр. Жыл басынан бері өңірге басқа облыстардан 172 заңды тұлға тіркеліп, бюджетке 394 млн теңге түсім түсірді. Сонымен қатар 362 жаңа заңды тұлға құрылды. Бұл көрсеткіштер өңірдің инвестициялық және іскерлік тартымдылығының артып келе жатқанын аңғартады.

Бюджет шығыстары бойынша да тұрақты игеру деңгейі қалыптасқан. Есепті кезеңде облыс бюджетінің шығыстары 315,6 млрд теңгені құрап, жоспар 99,4%-ға орындалды. Жалпы алғанда, бірінші тоқсан қорытындысы бойынша Түркістан облысында бюджет түсімдері мен шығыстарын орындау бағытында оң нәтижелер қалыптасып, негізгі макроқаржылық көрсеткіштер бойынша өсім қамтамасыз етілген.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Күмісбек Жаппардың айтуынша, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында 5 бағыт бойынша 27 негізгі ұлттық индикатор, 17 нысаналы индикатор, 77 нәтижелі көрсеткіш қарастырылған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 17 нысаналы индикатордың 11-і орындалды, 3 индикатор орындалу үстінде. Жоспарланған 77 нәтижелі көрсеткіштің ішінде 51 көрсеткіш бойынша жоспарға қол жеткізілді, 9 көрсеткішті орындау жұмыстары жүріп жатыр.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-сі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 87-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінің «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде Түркістан облысы, Бәйдібек, Сауран, Ордабасы аудандары аумағында «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің аумағын кеңейтудің жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар жария талқылау нысанында өткізілетінін хабарлайды.

Сараптана жүргізетін мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті.

Жоспарланған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-сі, БСН 130140002015, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай ауылдық округі, Бостандық ауылы, И.Айтқожасев көшесі, №11А, тел.: +7 (776) 507-20-21.

Құжаттаманы әзірлеуші: «ТЕРРА-ТАБИҒАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 181140012301, Алматы қаласы, Самал-1 шағын ауданы, 1-үй, тел.: +7 (771) 354 19 52.

Ескертулер мен ұсыныстар Қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесі арқылы (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>) 2026 жылғы 6 мамырдан бастап 20 жұмыс күні ішінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное учреждение «Сырдарья-Туркестанский государственный региональный природный парк» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области в соответствии с требованиями подпункта 4) статьи 87 Экологического Кодекса РК, сообщает, что в Информационной системе Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов в Разделе «Публичные обсуждения» будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Естественно – научное обоснование расширения территории Сырдарья-Туркестанского государственного регионального природного парка» на территории Байдибекского, Сауранского и Ордабасинского районов Туркестанской области.

Государственный орган по проведению экспертизы: Департамент экологии по Туркестанской области Комитета экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: Коммунальное государственное учреждение «Сырдарья-Туркестанский государственный региональный природный парк» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, БИН 130140002015, Туркестанская область, район Сауран, сельский округ Оранғай, село Бостандық, улица И.Айтқожасева, №11А, тел. +7 (776) 507-20-21.

Разработчик документации: Товарищество с ограниченной ответственностью «ТЕРРА-ПРИРОДА», БИН 181140012301, г. Алматы, микрорайон Самал-1, д.1, тел. +7 (771) 354 19 52.

Замечания и предложение принимаются в Информационной системе Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<http://hearings.ndbecology.gov.kz/>) с 6 мая 2026 года в течении 20 рабочих дней.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«БизнесСтройПроект» ЖШС «Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 120/1 учаске мекен-жайында орналасқан «Қызмет көрсету объектілері бар тұрғын үй» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «БизнесСтройПроект» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Туран даңғ. 30А, 2-кеңсе. Тел.: 8(775)360-43-92, e-mail: ekk2sd@bk.ru. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 5 мамыр мен 13 мамыр (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702) 2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «БизнесСтройПроект» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Жилой дом с объектами обслуживания» расположенный по адресу: город Астана, район Сарыарқа, улица Күләш Байсейітова, участок 120/1». Адрес ТОО «БизнесСтройПроект»: г. Астана, пр.Туран 30А, оф.2. Тел.: 8(775)360-43-92, e-mail: ekk2sd@bk.ru. Ознакомьтесь с пакетом проектной документации, а также оставьте замечания и/или предложения будет возможно в срок с 5 по 13 мая (включительно) на информационную систему ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702) 2309090.

ХАБАРЛАНДЫРУ

